ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ | БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН

# Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 35 (881) | 4 қыркүйек 2015 жыл | Жұма

## Шалқыма

*Ақ түйенің қарны бүгін жарылды,*
*Алаш ұлы көкке үшінші ағылды.*
*Елім үшін тарихи сәт, оғланы*
*ғарышкерлер қатарынан табылды.*

*23 жылда орындалып еліміздің арманы,*
*Талғат, Тоқтар жолын бүгін Айдын балаң жалғады.*
*Жетісудың төл тумасы, жерлесіміз, жүректі ер,*
*Ел сенімін арқалап ап, көк жүзіне самғады.*

*Үміт артып Айымбетов Айдынға,*
*Бата беріп, елім қолды жайдың ба?*
*Төрт құл әлем назарына ілініп,*
*«Қазақ» аты асқақтауда айдында.*

**Лида ЖАНБОТАҚЫЗЫ**

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

***2-қыркүйекте арнайы кестеге сәйкес аудан әкімі Қайрат Бисембаев аудан тұрғындарымен кездесіп, қоғамдық қабылдау өткізді.***



«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының бірінші орынбасары Б.Абақов, Үштөбе қаласының әкімі Қ.Есботановтың қатысуымен өткен қабылдауда Е. Кривицкий, Н. Карасев, З.Рафальская, М.Сепбосынова және т.б. тұрғындар әр түрлі өзекті мәселелер бойынша сұрақтарын қойды. Партияның өңірлік филиалының төрағасы Қайрат Әшірәліұлы қабылдауға келген қараталдықтардың түйткілді мәселелерін аса ыждағаттылықпен тыңдап, тиісті шешімдерін айтты. Тұрғындар да өңір басшысының уәдесіне ризашылықтарын білдіріп, тарқасты.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР КӨЗДЕЛДІ

***«Сыбайлас жемқорлық жоқ ел-өркендеуші ел» жобасы аясында «Елтай», «Ескелді» бастауыш партия ұйымдарының мүшелерімен қоғамдағы жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен арттыруға бағытталған 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында отырыс болып өтті.***

Отырысқа «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының бірінші орынбасары Б.Абақов, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, партия белсенділері, ауыл тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты. Жиында сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылатынын, ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектететінін және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендететіндігін еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылатыны жайлы Берік Нұртілеуұлы өз сөзінде айтты.

Елтай БПҰ төрайымы, ауыл әкімі Айжан Байасылова «Жемқорлық біздің өмірімізде әр түрлі салаға терең еніп келеді. Сыбайлас жемқорлық экономикамызды әлсіретіп, төмен түсіреді», - деп өз сөзінде жиынға қатысушыларды жемқорлықсыз ел қалыптастыруға шақырды. Жарыссөзге шыққан басқа да бастауыш партия ұйымдарының төрағалары бағдарламаның орындалуы бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

## Счастливого полета!

***2 сентября с космодрома «Байконур» стартовала ракета-носитель «Союз-ФГ» с экипажем, в составе которого казахстанский космонавт Айдын Аимбетов, россиянин Сергей Волков и астронавт Европейского космического агентства Андреас Могенсен. Планируется, что Могенсен и Аимбетов вернутся на Землю 12 сентября.***



Ранее заместитель премьер-министра РК Бердибек Сапарбаев передал Аимбетову флаги международной выставки EXPO-2017 и Ассамблеи народа Казахстана, а также напутствие Главы государства. С казахстанским космонавтом также встретились аким Кызылординской области Крымбек Кушербаев и первый казахстанский космонавт Токтар Аубакиров, которые пожелали ему удачного полета.

Известно, что Аимбетов взял с собой в полет Флаг Казахстана – это решение он принял еще в 2004 году во время прямого эфира с Президентом РК, посвященного государственным символам. «Тогда я сказал, что будет время, когда госсимволы Казахстана будут на орбите. Получается, это выполняется. Ну и как обычный человек я взял мягкую игрушку, вернее мне младшая дочь подарила мягкую игрушку–льва», - пояснил Аимбетов. В космосе ему предстоит провести ряд научных экспериментов по изучению радиационной обстановки на орбите, а также по взаимодействию членов экипажа до полета, во время, а также после него. Кроме того, он планирует провести эксперименты по мониторингу поверхности Земли и изучению экологических катастроф.

***Третий казахстанский космонавт, полковник авиации РК Аимбетов Айдын Аканович родился в 1972 году в селе Заря Коммунизма Талды-Курганской области. В 1993 году окончил Армавирское высшее во-енное авиационное училище, а в 2003 году – Центр подготовки космонавтов им. Ю.А. Гагарина. Летчик-истребитель. Являлся командиром авиационного звена авиационной эскадрильи на самолетах «СУ-27». Последняя должность: Советник председателя Национального космического агентства РК. Женат, трое детей.***

**По материалам Tengrinews.kz**

Конституция күні

## АТА ЗАҢДЫ ӘСПЕТТЕГЕН МЕРЕКЕ

***Төрт мезгілдің шуақты еркетайы саналатын жадыраған жаздың соңғы күндерінде, қаламыздың орталық алаңында, Ата Заңымызды ардақтаған айтулы мереке болып өтті. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстанның жаңа Конституциясы мемлекеттік басқару формасын Президенттікке өзгертті. Оның барлық жоғары органдары сайланбалы, халық алдында жауапты, есеп беруге міндетті болып бекітілді.***



Негізінде, ол өзінің бастауын Қазақ хандығынан, сонау «Қасым ханның қасқа, Есім ханның ескі жолынан», Тәуке ханның «Жеті Жарғысынан»» алады. Әділдіктің ақ туын ұстанатын Ата Заңды құрметтеу барша қазақстандықтарға парыз. Тарихшылар қауымдастығының төрағасы М.Қойгелді «Қазақ қиын заманда «достасқанға құшағы ашық туыстай, ал қастасқанға қиып түсер қылыштай» жағдайда өмір сүрді» дейді. Небір аласапыранды бастан өткерген ұлтымыз үшін Тәуелсіздікті баянды ету басты мақсат, ал оның қайнар көзі Конституция екені аян. Мереке «жақсының сөзі кем емес алуа шекер бал судан» демекші, аудан әкімі Қ.Бисембаевтың толғанысқа толы жүрекжарды құттықтау сөзімен ашылды. Славян этно бірлестігінің белсендісі С.Рыжакова да диаспора өкілдері атынан мерекелік лебізін білдірді. Артынша бір топ азаматтар Елбасының жарлығына сәйкес «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Олардың қатарында: мәслихат хатшысы Бақыт Смаилов, аудан әкімінің орынбасарлары А.Қалисқаров, Ж.Тасыбаев, К.Байтаева, мәслихат аппаратының жетекшісі Р.Әбдіхалықова, ауыл әкімі Ғ.Уәлиев, «Бастау» газетінің редакторы С.Дәркенбаева, еңбек ардагерлері С.Беков, Т.Оспанов, өндіріс басшылары М.Югай, тәжірибе шаруашылығының директоры П.Д. Ли, шаруа қожалығының иегері И.Молжігітов, білім мен денсаулық саласының қызметкерлері Ұ.Досмолданова мен Ғ.Әлімбеков, шығармашылық қызметкері Н.Д.Ким, мәдени бірлестіктер жетекшілері В.Спиридонова, У.Давлетбаев, Т.Тенькова, А.Момуч-Оглы, Р. Ниязова. Сонымен қатар «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» төс белгісімен аудандық әкімшілік және мәслихат қызметкерлері С.Иманғалиева, Ю.Козлов., Ә.Досымбаева, Т.Уәлиев, өндіріс басшылары М.Төлебаев, Қ. Башенов, А.Ешмағамбетов марапатталды. «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалі корей этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі В.Л. Ли мен күрді этно-мәдени бірлестігінің белсенді мүшесі З.Ә.Момуч-Оглыға тапсырылды. Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасы аудандық аурухананың медбикесі Ботакөз Долаеваға табысталды. Көңілді өсірген марапат шарасынан соң «барымды, нәрімді туған елімнің өркендеуіне беремін» деп мемлекеттік қызметке жаңа келген жас мамандар М.Төлегенов пен М.Шұратбаев және Виктория Квон халық алдына шығып Отанға адал қызмет ететіндіктері жөнінде дауыстап ант берді. Сөздері істерімен қабыссын дейік. Ресми шаралар аяқталысымен халық назарына Талдықорған қаласында облыс аудандарының мәдениет күндеріне орай дайындалған бағдарлама көрсетілді. Ол туралы газетіміздің өткен санында егжей-тегжейлі жазыл-ғандықтан сөз етпей-ақ қояйық.

**Соңы 2 бетте**

## ВОТ И СНОВА ГОД УЧЕБНЫЙ

***В минувший вторник тысячи школ нашей страны вновь распахнули двери для учащихся. В этот раз для СШ имени Горького Первый звонок, посвященный началу нового учебного года, стал 77-м за всю ее славную историю. Данное учреждение всегда было на хорошем счету. Так, по результатам ЕНТ-2015 четверо выпускников этой школы подтвердили знания и получили «Алтын белгі». Всего же, за все время существования Единого национального тестирования этот нагрудный знак получили свыше десяти «горьковчан». В этом году школа заняла 1-е место в рейтинге районных школ.***



На торжественной линейке школьников, педагогов и родителей поздравил аким района Кайрат Бисембаев. В своем выступлении он отметил: «Особое внимание Лидера нации уделяется сфере образования. Ведь главный приоритет – воспитание образованных, нравственных и духовно и физически развитых граждан. Сегодня день знаний ваша школа встречает с новыми надеждами и высокими целями. Для их достижений хочу пожелать ученикам настойчивости и жажды новых знаний, учителям творческих успехов, а родителям – терпения. Пусть новый учебный год будет для вас всех удачным». Далее, с пожеланиями выступил руководитель управления по вопросам молодежной политики Алматинской области Рустем Алпысбаев. Коллег и учеников с наступившим учебным годом поздравила директор школы Нуржамал Дуйсеналиева.

Затем, Кайрат Аширалиевич от имени Президента РК Нурсултана Назарбаева вручил каждому первокласснику ценный подарок – книгу «Менің Отаным - Қазақстан». Стоит отметить, что в этом году по всей стране аналогичный подарок от имени Елбасы получили все, кто первый раз садится за школьную парту. После этого участники первой в своей жизни торжественной линейки прочитали стихи о том, как они готовились к школе и своем желании прилежно учиться.

И вот настает волнующий момент, звучат трели первого звонка и школьники заполняют светлые классы, в которых учителя провели с ними первый в этом году классный час на тему «Моя Родина - Казахстан».

**А. СЕДНЕВ**

## Бастау – ақпарат

Осы аптада аудан басшысы Қ.Бисембаев Жолбарыс батыр ауылдық округіндегі «Молжігітов», «Шахтиев», «Аубакиров», «Ерболғанов» шаруа қожалықтарын және «Қаратал Гладиус» ЖШС алқаптарын аралап, қант қызылшасының өсімі және жинауға дайындық жұмыстарымен танысып қайтты. «Молжігітов» шаруа қожалығындағы қант қызылшасы сапасына ризашылығын білдіріп, басқа да шаруа қожалықтарының басшыларына қант қызылшасының сапасын арттыру барысында әлі де минералды тыңайтқыштар беруге ұсыныс білдірді.

2-қыркүйекте аудан әкімі Қ.Бисембаев аудан көлемінде жүргізіліп жатқан құрылыс объектілерін аралады. Бірінші кезекте «TOLAGAI-2050» ЖШС жүргізіп жатқан Үштөбе қаласындағы 320 орындық балалар бақшасы құрылысына барды. Аталған объектіге ағымды жылға бөлінген 165,0 млн. тенгенің бүгінгі күнге 65,0 млн. игерілген. Құрылыс жұмыстары бекітілген өндірістік кестеге сәйкес еместігін, жұмыс қарқыны төмен екендігін айта келе, аудан әкімі орынбасарына, аудандық құрылыс бөлімінің басшысына жұмыстың өндірістік кестеге сай және сапалы жүргізілуін қадағалау керектігін қатаң тапсырып, салмақты міндет жүктеді.

Конституция күні

(Соңы. Басы 1 бетте)

# АТА ЗАҢДЫ ӘСПЕТТЕГЕН МЕРЕКЕ



**Мәдениет айшықтары**

Мерекелік күннің екінші бөлігінде мәдениет күні аясында Үштөбе қалалық округінің бағдарламасы сын тезіне салынды. Саябақтың ішіне, табиғат аясына әшекейлеп тігілген ақбоз үйлер, көз қызықтырарлықтай ғып әсемдеп қойылған қолөнер бұйымдары, әр үйдің алдында салтанатпен көрсетілген рәсімдер мен салт-дәстүрлер, талғаммен өрнектеп, бәйшешектей құлпыртып, неше-алуан түрлентіп оралтқан гүл дестелері шараға мерекелік рең беріп, берілген тақырыптар мазмұн-дарын аша түскендей әсерді сезіндік. Шахар әкімі Қанабек Есботановтың құттықтауы мен еңбек озаттарына сыйсияпат үлестіруі мұң екен, жұрт назарына Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Керей мен Жәнібек» қойылымы ұсынылды. Олар бастаған көш 1457 жылдың күзінде Арқа төсінен атбасын Жетісу жеріне бұрып, 1458 жылдың көктемінде Керейді хан сайлап, Моғолстан хандығының құрамында шаңырақ көтерді. Осы тарихи көріністі облыстық Б.Римова атындағы драма театрдың белді актері С.Жұмаділовтың жетекшілігімен сахналаған өнерпаздар тобы сан-қилы оқиғаларды қамтыған драманы сәтті шығара білді. Әртістердің, бүгінде ел аузында жүрген кейіпкерлер образдарын сомдауға, бойдағы бар күшжігерлерін салып баққандары көзге көрініп тұрды. Аз ғана уақытта тартымды дүние жасай білген режиссердің біліктілігі айқын аңғарылды. Жәнібек ханның «... қай заманда да орда шаңырағын халық көтерген», - деп елді ұйытқан жалынды тебіренісі, Қасым сұлтанның жастығына қарамастан «... біз Моғолстан шекарасына қашқан елдей емес, көшкен елдей баруымыз керек» деген аталы сөзі, бүкіл Дешті Қыпшақ ардақтаған Асан Қайғының « ... жауды жеңіп келіңдер, намысты туған ұлдарым», - деп еміренген ұлағатты батасы, қару ұстар еркек кіндіктінің «кекке кек, қанға қан», - деп ұрандап жауға аттануын көрермендер ықыласпен қабылдады. Концерттік көрсетілімге шыққан әншілер мен бишілер де мереке көрігін қыздыруға тырысып бақты. Сонымен қатар, мекемелер мен оқу орындары арасында түрлі сипаттағы байқаулар өткізіліп, олардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. «Менің сүйікті қалам» шығармашылық конкурсында сүйікті шаһарын «Менің сүйікті қалам - Үштөбем» тақырыбында көркемсөзбен келістіре суреттеген Пушкин орта мектебінің 9-шы сынып оқушысы Гаухар Қыдырбаева бас жүлде 1-ші орынды жеңіп алды. (Гаухардың шығармасын газетіміздің 4-бетінде жариялап отырмыз) 2-ші жүлде Горький мектебінің саңлағы Мүслима Қожамқұлованың еншісіне бұйырды. 3-ші жүлде Есенберлин мектебінің үздігі Күнсұлу Тұрарбектің үлесіне тиді. Гүл көрмесінің жеңімпазы болып №25 бала-бақша ұжымының «Менің Қазақстаным» айдарымен еліміз-дің географиялық картасын кестелеген жұмысы танылды. 2-ші орынды № 97 балабақша мекемесі иеленсе, 3-ші жүлде Б.Римова мектебінің қанжығасына байланды. Өнерпаздардан спортшылар да қалыспай өз мықтыларын мараптаттап жатты. Алаулатып, жалаулатқан мереке де өтті-ау, бірақ бір қынжыларлығы адам қарасының аз болғандығы. Алдағы уақытта «мұның астарында не жатыр» деп, оның себеп- салдарын қазбалаған жөн.




*Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ*

**Ученик СШ им. Римовой (бывш. Фрунзе) Рамазан Ермекулы стал, пожалуй, самым известным второклассником в нашем районе. Дело в том, что весной этого года он написал письмо Президенту.**

# МЕЧТЫ СБЫВАЮТСЯ



В первую очередь мальчик от всей души поздравил Нурсултана Абишевича с победой в президентских выборах, прошедших в апреле. В письме он особо подчеркнул, что счастлив, что живет в Казахстане – в стране, где царят дружба, межнациональное согласие и мирное небо над головой. Школьник также выразил свою гордость тем, что его День рождения выпадает на 30 августа – День Конституции, которой в этом году исполняется 20 лет. Рамазан поздравил Елбасы и с другими юбилейными датами, которые в этом году отмечает Казахстан, много рассказал о любимом городе Уштобе и своих мечтах. В конце письма отличник учебы пообещал, что и впредь будет примерно учиться, чтобы в будущем приносить пользу стране.

Разумеется, письмо мальчика дошло до адресата. В Акорде так понравились строки столь умного каратальского школьника, что к его дню рождения от имени Президента решили сделать подарок, который ему вручил в минувшую пятницу аким района Кайрат Бисембаев. В этот день Рамазан вместе с мамой был приглашен на прием к акиму, где мальчик охотно рассказал ему о своей учебе, показав свое портфолио. Здесь же он вновь торжественно произнес текст присяги, которую он однажды принес, вступая в ряды «Жас кыран» (аналог октябрят в эпоху СССР). В свою очередь, Кайрат Аширалиевич поздравил Рамазана с днем рождения и пожелал ему дальнейшей отличной учебы и исполнения всех желаний. Затем, настало время вручить подарок имениннику. Несколькими днями ранее работники районного акимата связались с родителями Рамазана, сообщив им радостное известие, что от имени Президента их сын получит подарок и поинтересовались, что именно ему хотелось бы получить. Как оказалось, мальчик давно хотел велосипед. Мечта его наконец-то сбылась, когда аким района вручил имениннику предмет его мечты. Сделав первый круг на своем железном коне, обрадованный Рамазан поблагодарил Президента и руководство района за такой подарок.

*А. БУЛАВИН*

**Накануне нового учебного года, в кафе «ЛАД» прошла благотворительная акция «Стань первый», целью которой являлось оказание помощи в подготовке к школе одаренным детям из многодетных, малообеспеченных семей, сиротам и оставшимся без попечения родителей.**

# С материнским теплом и заботой



На мероприятии здоровья, счастья и дальнейших успехов в учебе ребятам пожелала заместитель акима района Кульпаш Байтаева. Далее, Кульпаш Измухановна сказала, что в целом в районе, с проведением республиканской благотворительной акции «Дорога в школу» в этом году помощь от госслужащих, предпринимателей и других каратальцев уже получили более 400 из 940 нуждающихся в ней учащихся. И эти благие дела будут продолжены.

Затем, всего самого доброго и светлого ребятишкам искренне пожелала руководитель ТОО «ЮгПищеПром», директор Школы женского лидерства Марина Югай. Она отметила, что если они будут проявлять стремление к учебе, то смогут в будущем принести большую пользу государству. Во время акции, превратившейся в большой детский праздник, для ребят и их родных был накрыт щедрый дастархан с множеством вкусных блюд и разных сладостей. Во время развлекательной программы, отвечая на вопросы клоуна мальчишки и девчонки смогли проявить свою смекалку и талант. Продолжился праздник вручением подарков: 11 учеников получили школьные формы и спортивные костюмы. В этот день к услугам детей, бесплатно был предоставлен недавно открывшийся на территории торговой точки «ЛАД» детский развлекательный комплекс с качелями, горками, батутами и многим другим.

В завершении, ребятишки, их опекуны и родители от души поблагодарили спонсоров мероприятия, членов Ассоциации деловых женщин Алматинской области: заместителя акима района Кульпаш Байтаеву, директоров ТОО «ЮгПищеПром» Марину Югай, районной типографии Саркыт Даркенбаеву, ТОО «Уштобинский» Флору Те, торговой сети «ЛАД» Агафью Ли, центра недвижимости Айгуль Алимбекову, ТОО «Камкор» Наталью Ким, управляющую филиалом Народного банка Наталью Ким, руководителей отдела внутренней политики Сагиру Имангалиеву, отдела предпринимательства Гаухар Байгазинову, ОО «Центр поддержки женщин» Людмилу Седову за веселый праздник, оказанную помощь и приятное общение с ними.

*С. ДАРКЕНБАЕВА*

# Қарашеңгел ауылында жаңа мешіт салынуда

**Аллаға мың да бір шүкір, қазіргі таңда елімізде мұнаралары мен күмбездері көкке ұмтылған мешіттеріміз көбейін келеді. Тәуелсіздік алған күннен бері еліміздің облыс, аудан орталықтарымен ауылдарында жаңадан зәулім-зәулім мешіттер салынды.**

Жақында ауылымыз Қарашеңгелде де жаңа мешіттің қабырғасы бой көтерді. Мешітбіріншіден, ол Алланың үйі болса, екіншіден, имандылық ордасы, үшіншіден, халықты бірлікке шақыратын, басын қосатын, жас ұрпақты тура жолға тәрбиелейтін мекен. Жер бетінде кімде–кім атақ үшін емес, Алла разылығы үшін мешіт салса, оған Аллаһ Тағала жәннаттан бір зәулім үй салып береді деген екен. Бұл мешіт бауырымыз Ахметов Бауыржан Боранбайұлының қолдауымен және демеушілігімен салынуда, жүрегіне иман ұйірілген Бауыржан Боранбайұлының жаны жомарт, қолы ашық азамат екенін ерекше айтып өткім келеді. Сонымен бірге ауылымыздың тумасы, ауданымыздың жеке кәсіпкері Бласов Жайлау Құлахметұлы мен ауыл тұрғындары да өз үлесін қосуда.

Ауылдық округтің депутаты Молжігітов Исатай Төлеубекұлы да өз техникасымен көмегін көрсетуде. Ел болып бір кісідей атсалысып істеліп жатқан құрылыс жұмыстары аяқталуы да алыс емес екен. Ендеше, жаңадан бой көтерген осы мешіт мұсылман қауымын жақсылыққа шақыратын Алланың үйі болғай! Әумин!

*Гүлшат НҰРАХМЕТҚЫЗЫ,*
*Тельман ауылының тумасы*

# Жақсылық жасауға асығайық!

**2015 жылдың 17 – 24 тамыз күндері аралығында Үштөбе қаласының «Жасыл ел» еңбек жасақшылары қарт адамдарға қолдау көрсету, жастарға қайырымдылықты, кішіпейілділікті, мейірімділікті үйрету мақсатында «Жақсылық жасауға асығайық!» атты қамқорлық акциясын жүргізді.**

Шара барысында Үштөбе қаласы тұрғындары, жалғыз басты Үкібаева Айман Жылқышықызының,Ткачева Вера Яковлевнаның және мүмкіндігі шектеулі Ли Евдокия Дексоновнаның үйіне барып, отындарын жарып, есік алдындағы арамшөптерді жұлып, үйлерін тазалап, тиісті көмек көрсетті. Осылайша үлкен апаларымыздың рахметі мен батасын алды. Мұндай игі іс-шаралар әлі де «Жасыл ел» жастар еңбек жасақшыларының көмегімен жалғасын табады. Бұл өмір тек жақсылықтардан, қайырлы істерден құралады. Сол себептен де, жақсылық жасауға ұмтылайық, достар!

*«Қаратал ауданының жастары» ресурстық орталығы*



Звонок в редакцию

# Что сделали с дорогой?

**Десятки звонков и обращений поступают в нашу редакцию. Читатели, среди которых большая армия автолюбителей, всерьез обеспокоены участком проезжей части улицы Жолбарыс батыра, на котором ныне идет ремонт. С одной стороны, они конечно же, радуются, что в нашем городе идет благоустройство, и по этой улице вдоль стадиона теперь можно ходить не по пыли и грязи, а по новенькому тротуару. В то же время водители не без основательно беспокоятся о том, что ширина дороги после ремонта на этом участке станет слишком мала, что может стать причиной ДТП. Ведь улица оживленная и по ней постоянно в обоих направлениях ездят как легковые машины, так и грузовики. «Как теперь тут ездить, непонятно. Встречным машинам трудно разминуться. А что будет зимой, во время гололеда? Аварий же не оберешься!». Мы обратились в районный отдел ЖКХ, где нам пояснили следующее:**

- Согласно СНиП РК (строительные нормы и правила) ул. Жолбарыс батыра попадает под категорию «магистральная улица районного значения». Ширина полос на такой категории улиц должна составлять 3,5 метра, а количество полос – от двух до четырех (эти требования выдержаны). Кроме того, согласно тем же нормам, расстояние от водопроводной сети до бортового камня проезжей части должно составлять 2 метра. В нашем случае, по западной стороне улицы Жолбарыс батыра на таком же расстоянии от края дороги проходит водопровод, что также не дает возможности расширить проезжую часть. Приносим извинения за временные неудобства нашим автовладельцам. Это все временно и работы начнутся со дня на день.

*Менің сүйікті қалам – жер жәннаты Жетісу өлкесіндегі Қаратал ауданының орталығы болып саналатын Үштөбе қаласы. Мен бұл қалада туып-өстім, балалық шағымды өткіздім, бақытты өмір сүрудемін. Сондықтан, туған қаламды мақтан тұтамын. Үштөбе қала ретінде 1961-жылдардан бастап таныла бастады. Тоғыз жолдың торабында орналасқан қаламыздың іргесі 30-жылдардың бас кезінде «Түрксіб» темір жолының салуына байланысты қаланған. Өзіндік тарихы бар туған қаламның бүгінгі көрінісі көз тартарлық.*

# МЕНІҢ СҮЙІКТІ ҚАЛАМ – ҮШТӨБЕ

Күндіз күміс, түнде алтын аққани Қаратал өзенінің жағалауы – Үштөбеліктер мен қонақтардың демалыс орны. Қаламыз гүлденіп, өсіп өркендеуде. Орталық саябақта да еңбектеген баладан, еңкейген қарияны кездестіреміз. Саябақтағы футбол алаңы мен роллер-жас-тардың бос уақыттарын көңілді әрі пайдалы өт-кізулеріне мол мүмкіншілік береді. Қаламызда орта және шағын кәсіпкерлік жақсы дамыған. Ірі өнеркәсіп зауыттары көп. Өндіріс орындары қала тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етуде, ауданымыздың, еліміздің дамуына зор ықпалын тигізуде. Үштөбе – жетісудың еркесіндей елітіп, еркелей түседі. Мен үшін орны бөлек, қымбат қала. Үштөбе үлкен қала болмаса да, әлсін-әлсін дамып келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда оны құрметтемеуге, жақсы көрмеуге еш себеп жоқ. Себебі, бұл қала әрбір Үштөбеліктердің жүрегінен орын ала білген. Мен қуанамын... бәлкім, осы қалада тұрып жатқаныма, шашымды сипай өтетін самал желге, төбемізде жарқырап тұрған күнге, қазақ еліндей тәуелсіз мемлекеттің ішінде тұрып, бой көтере бастаған қаламыздың өркендеуіне куә болғанымнан болар. Менің қалам талай үміттерді ақтап, көзінде оты бар, жанары сөнбеген жастардың және оған сенген тұрғындардың көңілінен шыға білген. Мен бұл қалада тұратыныма шексіз бақыттымын. Біз, жастар, қаламызды одан әрі өркендетіп, өсіріп, Үштөбенің дәрежесін әлемдік деңгейге жеткізуіміз керек. Біздің ата-бабаларымыз біздің өмірімізді барынша жайлы етіп, қазіргі күнге жеткізді. Ал енді біз аталарымыз бен апаларымызға кәрілік шағында тыныш өмір қамтамасыз етіп, келер ұрпаққа жарқын болашақ сыйлауымыз керек.

Үштөбем, үш биігім, сен ешқашан өлмейсің, өшпейсің. Сенің атың тарихта қалады. Сен – жастардың жарқын болашағысың. Бізді шабыттандыруды, өсіп-өркендеуіңді жалғастырғайсың, ел есінде сен кең далада орналасқан, кең көңілді, дархан жүзді, көпұлтты қала болып мәңгі есте қаласың. Өркендей бер, сүйікті қалам - Үштөбе!

***Гауһар ҚЫДЫРБАЕВА,***
***А. С. Пушкин ОМ 9-сынып оқушысы***

**Жирен жаман әдеттен**

# Сыйымызды кетіріп, қадірімізді қашырмайық

***Ел ішінде жүргесін жиын тойды айтпағанның өзінде, әр жылдары қаза тапқан марқұмдардың аруағына арнап берілетін құдайы тамаққа, жылы мен асына бір адамдай шақырыламыз. «Шақырған жерге бар, шақырмаған жерде не бар?» - деген ғой халқымыз. Міне, осындай имандылық тұрғыда жайылатын дастарханнан дәм татуға, шақырушының көңілін аулап, жылы лебіз білдіруіңе тура келеді. Сондай бас қосу жиынында басына көнетоз ақ кепка киген, егде тартқан қала тұрғынын жиі жолықтыратыным бар. Әдетінше ол кісі төрге қарай озады. Іштей «Ойпырым-ай, мына кісі көп адамға туыс болғаны-ау, сонда?», - деп ойлайтын да қоятынмын.***

Жуырда сыйлас бір досымыз өмірден озған жұбайының жылдық мәзір асын «Бәйтерек» мейрамханасында берді. Жан-жақтан ағылып келген ағайын-туыстың, дос- жаранның көптігі сондай, ауқымды зал аузы-мұрнына дейін толып шыға келді. Сәл кешігіп келген ерлі-зайыпты біздің жанымыздағы бос орынға жайғасты. Күйеуі отырды, жұбайы түрегеліп тұрды. Ыңғайсыз- ақ жағдай. Абайсызда көз қиығымның түсіп кеткені сол еді, ақ кепкалы «ескі танысым» төрдегі столға емін-еркін жайғасыпты. Қаннан қаперсіз күйде. Алды толған ас. Аузы күйсең-күйсең...

Жылдық мәзір асқа қатысушы аудан имамы марқұмның рухына құран бағыштап, дәмнен ауыз тигеннен соң мешітте басталатын жұма намазына қатысатын болғандықтан сұранып, ерте тұрып кетті. Көп ұзамай ас қайыратын сәт те келіп жетті. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің», - демекші, есіктен кіріп, төр менікі дейтін бейтанысымыз асты жүргізушіден микрофонды сұрап алып «Мен құран оқиын»,-деді де білгенінше сайрап қоя берді. Талай оқыған әуезді құран аяттарын тыңдап жүрген біздер мына кісінің шалдыр-шатпағына «Асылық айтсақ, Құдайым өзі кешіре көрсін) тосылып, тіпті аңтарылып қалдық. Оқыған аяттың басы бар да, аяғы жоқ. Тіпті жараспайды. Ұят-ақ!

Жөн біледі деген кісілерден сұрастырып білгенім, қаладағы құдайылық пен астың әлгі тұрақты қатысушысы аудандық қос газетте жарияланған асқа шақыруды оқып алады екен де, межелі уақытында жетіп барады екен. Қалыптасқан дәстүрге сай, өз аяғымен келген адамға «сіз бөтенсіз» деп кеудесінен итеріп, қолынан ұстап шығарып жібере алмаймыз. Құдайылық мәзір ғой, бәріне де жетіп артылар деген ниетпен ондайларды көрсең де көрмегендей боласың. Көптің осындай дархан пейілін өз пайдасына жарататын әлгіндей сұғанақтар ас таркар сәтте дастархандағы жылы-жұмсақ пен тәтті-пәттіні целлофан қалтаға сықа толтырып алып шығарын қайтерсің?! Қалай десек те, көпшілікке жайылған дастархан деп үстел үстін сыпырып, сиырып кетудің өзі әдепсіздіктің нағыз көкесі ғой, білгенге. Сұғанақтық пен тойымсыздықтың бетін аулақ етсін.

Әдетте жасы келген адамның әдемі де жақсы қартайғаны жөн деп жатады. Олай болса, ақсақал жасына келген қариялар мен әже жасына толған апалардың өз отбасы ғана емес, өз ортасында да сыйлы болғанына не жетсін?! Үлкенге қарап жас өсетінін, жақсыға қарап өзгелер үлгі алатынын, әркім өз орнын білу керектігін естен бір сәтке де шығармайықшы, ағайын!

***Қ. ҚОНЫСҰЛЫ***

**Замандас**



# Бақытжанның бақыты

***Әрбір адам өзінше бір әлем ғой. Заманымыз бір болғанымен әркімнің өмір жолы әр басқа. Әсіресе біздің дәуірімізде адамдар күшті сынақтан өтіп жатқандай. Ғасырлар бойы бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздік 1990 жылы 16 желтоқсанда жарияланғаннан кейін кеңес өкіметі тарихқа кетті де, қоғамдық құрылыс күрт өзгере бастады. Қоғам деп өмір сүргендердің өз еркі өзіне тиіп, азат елде өмір сүре бастады. Әттең-ай, бостандықты тойлап үлгермей жатып, нарықтық экономиканың үстемдік құрғаны-ай. Бағаның еркіне жіберілгені-ай. Алғашында қоғам мүлкінің жекешеленуін де ешкім түсіне қоймады. Өндірістер тоқтаған, жұмыс жоқ. Еңбексіз ақша қайдан болсын. Қаржы болмаса, жекешелік қайдан келсін. Мемлекетке арқа сүйеген масылдықтан құтылу оңай болған жоқ. Әлі де биліктен қамқорлық күтеміз-ау. Ел-жұрт «Өзіңді өзің асыра» деген ұран-талапты түйсінбей, оң мен солын ажырата алмай, дағдарылған тоқсаныншы жылдар тарихта «өтпелі кезең» деген атпен қалды.***

Бақытжан Исаев дәл осы ескі қоғамның күйреп, жаңаның орнығა алмай жатқан шағында 1990 жылы Алматы медицина институтын бітіріп, жолдамамен Қаратал ауданына келеді. Жылыбұлақ ауылындағы амбулаторияға дәрігер болып орналасады. Елдегі экономикалық дағдарыс мемлекет құзырындағы мекемеге де ықпалын тигізе бастаған. Айлап еңбекақы тимейді, апталап электр жарығы жанбайды. Оған тамшылап түсетін дәрі-дәрмекті қосыңыз. Жоқшылық екі өкпесінен қысқан ауыл адамдарының басы ауырып, балтыры сыздамай тұра ма? Алақандай емханаға келіп, көмек сұрайды ғой.

- Дәрі-дәрмек қасқалдақтың қанындай болған сол кезеңде келушілерді жылы сөзбен емдеп, рухын көтеріп, үмітін жандырғаным есімнен кетпес, - дейді Бақытжан Құтбайұлы.

Жас маман заманның ауыртпалығын ауыл адамдарымен бірге көтерді. Болашақтан үмітін үзбеді. Аудандық емхананың да, ауыл амбулаторияларының да меймандары бір жылдай еңбекақы ала алмағанда тамаша мамандардың өзі түңіліп, басқа жаққа кетіп жатты. Жас дәрігер Бақытжан Исаев өз мамандығынан жерігендерді әлі күнге шейін түсінбейді. Ақша табу кәсіп емес. Байлық, шіркін, мұқтаждықты өтер-ау. Бірақ өзің сүйіп таңдаған мамандығыңнан алатын қанағат сезім бола ма екен онда. Қазақ «Кәсібің – нәсібің» деп тегін айтпаған ғой. Қазақстанда қандай қоғам орнаса да денсаулық бірінші кезекке шығады. Дені сау адамның ғана рухы күшті. Отаншылдар да, ержүректер де, патриоттар да, жанкештілер де, батырлар да денсаулығы мықты асқақ рухтылардан шығады. Мамандыққа адалдық, сүйіспеншілік рухтың бір түрі. Қуат көзі. Түбі жеңіске жеткізетін де осы махаббат. Міне, дәрігер Бақытжанның өмірлік ұстанымы осындай.

Жерлестері тоқсаныншы жылдың алғашқы бес жылдығында бір тілім нан іздеп, басын тау мен тасқа ұрып жатқанда жас дәрігер Бақытжан Исаев осылай ойлап, өзін іштей қайрап, ауылдан тас кенеше жабысып кетпепті. Бірде терапевт, бірде хирург, бірде невропатолог, бірде уролог міндетін атқарып, алғашқы көмегін көрсетіп, амалсыздан бесаспап маман болып, тәжірибе жинап, өз қызметін жалғастыра береді. Нағыз патриоттық осы емес пе!

- Дипломмен ауылға! - деген ұран шықты. Қаржы төленеді. Баспана беріледі. Ел ішінде еңбек ет. Өмір көресің, тәжірибе жинайсың. Жоқ. Көптеген жастар, ауылды аңсамайды, қалада қалады, - дейді менің кейіпкерім.

**- Сіз Жылыбұлақтан кетпедіңіз.**

- Кетірді. Амбулаторияны 1999 жылы ақыры жауып тастады. Бастөбедегі амбулаторияға басшы болып ауыстырды. Көп ұлтты елді мекен. Тату-тәтті, жекжат-жұратты, құдандалы ел. Бірақ тірліктері де, сырқаттары да әрқилы. Қазақ ойшыл емес, тойшыл. Қойдың майлы етін жеуден тиылар емес. Аяқ басып жүргенде денсаулығын ойламайды. Жаны қиналғанда ғана емханаға барады. Асқынған дерттен айықтыру қиын екенін болжамайды. Өзге ұлттың өкілдері түшкіріп қалса, емханаға жүгіреді. Таңертең жүгіріп жүрген бір қазақты көрмейсің. Кешкілік майлы етке тойып алған соң диваннан тұру қиын екені даусыз. Жаттығуды ешкім жасамайды. Сондықтан ба, аты жоқ дертпен біздің ұлттың өкілі көп ауырады. Ол – ол ма, тіс сырқаты да жасарып барады.

**- Неге?**

- Балалар тәттіні көп жейді. Газды су ішеді. Шикі салаттарды, жеміс-жидекті көп жемейді. Бұрынғының адамдары аузын қара тұзбен тазалап, саусағымен тіске күнде массаж жасайтын. Сүйек мұжып, кепкен нан (сухари) жейтін. Қазіргі жастардың тағамының бәрі жұмсақ, оның үстіне нитратты көкөніс пайдаланады. Тіпті тіс зақымдана бастағаннан келсе, оның тесігін бітеп, кетігін жамап, түбірін жұлып емдеуге болады ғой. Қашан да кешігіп жүреді, - дейді өкінішпен, дәрігер. – Сонан соң денсаулық газет-журналдарына жазылу үрдісі жоқтың қасы. Орыстар «ЗОЖ» атты қағаз-журнал шығарады. Бір-бірімен тәжірибе алмасады. Қазақ отбасы денсаулыққа аса қажет баспасөзді жаздырып алса, ұлт саулығы нығаяр еді деп армандаймын.

**- Жекеменшік емханаңызды қашан аштыңыз. Ондағы мақсатыңыз?**

- Заман талабына үндесіп, 2003 жылы ауданда бірінші болып, «Дента» атты тіс емдеу емханасын аштым. Мақсатым - ұлтыма сапалы қызмет көрсету. Әрине, денсаулықты сақтау, оның ішінде тіс күтімі де халықтың әлеуметтік жағдайына тәуелді. Аллаға шүкір, қызмет сапалы, бағасы қол жетімді болғандықтан болар, емделушілерімнің тізбегі үзілген емес. Талдықорғанның «Жетісу» шағын ауданының 11 үй, 41 пәтерін жалдап, «Экстра дент» атты тіс емханасын аштым. Келушілер алғысы рух береді. Сондықтан да сүйікті мамандығыма дән ризамын.

Ия, Бақытжан Исаевтың Үштөбе және Талдықорған қаласындағы тіс емханасына емделушілер күнде кезекке тұрады. Әр адамға көп уақыт бөледі. Ақыл-кеңесін айтады. Тіс күтіміне қажет витаминдерді де жазып береді. Оның емшілік қасиеті ата тектен дарыған екен. Атасы Мұқаш емшілікпен шұғылданған екен. Сынықшы, тәуіп болыпты. Ата кәсібін көріп өскен Бақытжан Құтбайұлына дәрігер мамандығына деген сүйіспеншілік содан бастау алса керек. Ұлы Мадияр да осы мамандықты таңдапты. Қызы Әйгерім - заңгер. Енді тәжірибелі дәрігер күш-қуатын ұлт саулығын арттыруға жұмсап, халық құрметіне бөленіп жүр. БАҚЫТ ДЕГЕНІМІЗ ОСЫ ШЫҒАР.

Біз де ақ халатты абзал жанға баянды бақыт, жемісті еңбек, ұзақ ғұмыр тілейміз.

***Мәкен ӨСЕРБАЕВА***

# Рассмотрите нашу просьбу

***Нынешней весной у нас, уштобинцев, было радостное событие – открытие новой городской бани. Да и как не радоваться, ведь столько лет мы довольствовались только одной, так называемой «железнодорожной» баней, куда люди приходили и приезжали со всего города, высиживали длинные очереди.***

Открытию такой красивой, соответствующей всем требованиям бани, мы не могли нарадоваться! Некоторые посещали ее даже по два раза в неделю. Тем более, что по четвергам для нас, пенсионеров, была существенная скидка. Мы выражаем огромную благодарность предпринимателю, который сделал столь благое дело для жителей. С некоторых пор баня перешла на новый режим работы – только по субботам и воскресеньям. Говорят, эта мера вынужденная и временная. Конечно, мы с понимаем относимся к действиям администрации бани.

В то же время хотелось бы обратиться к руководству района и бани, чтобы по возможности сделали рабочими днями хотя бы три дня в неделю: пятницу, субботу и воскресенье. Лето, когда люди моются на улице в душе, закончилось и теперь все потянутся в баню. И еще. Убедительная просьба, сделать скидки пенсионерам не только один день, а во все дни работы. Заранее благодарим и желаем здоровья и процветания.

***С уважением: от имени пенсионеров М.Михайленко, Г. Искакова, Л. Хан, Ж. Омаргалиев и др.***



# XVIII чемпионат района по футболу
## (Итоговое положение команд )

| Команды | И | В | П | Н | Мячи | Очки |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «ЖЫЛЫБҰЛАҚ» *Бастобинский с/о* | 8 | 7 | 1 | - | 23-12 +10 | 21 |
| « КӘЛПЕ» *Жолбарыс батыр с/о* | 8 | 6 | 1 | 1 | 19-4 +19 | 19 |
| АО «ҚАРАТАЛ» *Балпыкский с/о* | 8 | 6 | 2 | - | 20-8 +12 | 18 |
| «ЛОКОМОТИВ» *г. Уштобе* | 7 | 6 | 1 | - | 27-12 +15 | 18 |
| « БАЙСЕИТОВ» *Жолбарыс батыр с/о* | 8 | 4 | 3 | 1 | 14-13 +1 | 13 |
| « ЖАСТАР» *г. Уштобе* | 8 | 3 | 5 | - | 10-13 -3 | 9 |
| ТОО « МК KAZSILICON» *Бастобинский с/о* | 7 | 2 | 4 | - | 18-17 +1 | 6 |
| В/Ч 55078 | 8 | 1 | 7 | - | 8-29 -21 | 3 |
| « ТАСТӨБЕ» *Тастобинский с/о* | 7 | - | 7 | - | 1-35 -37 | 0 |

# ОПРЕДЕЛИЛСЯ ЧЕМПИОН

***Все лето на стадионе «Жастар» проходили матчи XVIII чемпионата района по футболу, посвященного в этом году 550-летию образования казахского ханства. Первенство, в котором принимали участие 9 команд, проходило в один круг. Буквально до последнего матча не было ясно, кто станет чемпионом района этого года. Поэтому матчи завершающего девятого тура стали такими напряженными и интересными.***

*Команда-победитель*



Так, настоящую волю к победе показала команда «Жылыбулак» в игре с дебютантом чемпионата с командой «Байсеитов». Первый тайм не был удачным для этой дружины, ведь табло показывало 1:0 в пользу противника. Но во второй половине матча жылыбулакцы оживились, а прицельный удар Самата Берминкулова размочил счет. Буквально за 5 минут до свистка арбитра Самат вновь прорвался к воротам соперников и не оставил шансов вратарю «Байсеитова», оформив дубль в этом матче. В итоге при счете 2:1 «Жылыбулак» обеспечил себе прочное лидерство в турнирной таблице. Не менее интересными были матчи «Каратал» - «Тастобе» (3:0), «Жастар»- «Силикон» (1:0) и «Кальпе» - «Локомотив», окончившийся победой кальпинцев со счетом 5:1. Но даже такой убедительный счет не помог прошлогоднему чемпиону «Кальпе». По количеству очков, набранных в ходе соревнований, звание чемпионов района получила команда «Жылыбулак», а кальпинцы получили в этом году «серебро». Лишь с минимальным отрывом одна из лучших футбольных дружин района «Каратал» стала обладателем третьего места в чемпионате 2015 года.

Также были определены и лучшие игроки. Лучшим бомбардиром был признан Азиз Досымбаев (Локомотив), лучшим нападающим Есетов Баглан (Кальпе). Звание лучшего голкипера получил вратарь «Кальпе» Ислам Дуев, а на линии защиты и полузащиты весь сезон не было равных Ринату Базарбаеву (Жылыбулак) и Серикжану Жексембиеву из команды «Каратал». Всем призерам были вручены медали, кубки и денежные призы. Организаторы чемпионата также выразили благодарность дебютанту соревнований – команде «Байсеитов» из сельского округа Жолбарыс батыра, коллективу ТОО «МК «Kazsilicon» и личному составу в/ч 55078, сборные которых принимали участие в чемпионате, и всем остальным командам за поддержание и развитие каратальского спорта.

***А. БУЛАВИН***